



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
90 жылдығы аясында және «Ұлттық валюта – Тенге күніне» орай
өткен «Қаржылық сауаттылықты және қаржылық инклюзияны
дамыту: тәжірибесі, кедергілер және мүмкіндіктері»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 15 қараша 2024 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Казакский национальный университет имени Аль-Фараби
международной научно-практической конференции «Развитие
финансовой грамотности и финансовой инклюзии: практики,
перспективы, барьеры», посвященной 90-летию и дню
Национальной валюты – Тенге
Алматы, Казахстан, 15 ноября 2024 года

MATERIALS

Al-Farabi Kazakh National University international scientific and
practical conference «Development of financial literacy and financial
inclusion: practices, prospects, barriers» dedicated to the 90th
anniversary and the day of the National currency – Tenge
Almaty, Kazakhstan, November 15, 2024

Алматы, 2024

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
90 жылдығы аясында және «Ұлттық валюта – Тенге күніне» орай өткен «Қаржылық
сауаттылықты және қаржылық инклюзияны дамыту: тәжірибесі, кедергілер және
мүмкіндіктері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 15 қараша 2024 жыл

МАТЕРИАЛЫ

**Казахский национальный университет имени Аль-Фараби международной научно-
практической конференции «Развитие финансовой грамотности и финансовой инклюзии:
практики, перспективы, барьеры», посвященной 90-летию и дню Национальной валюты –
Тенге**

Алматы, Казахстан, 15 ноября 2024 года

MATERIALS

**Al-Farabi Kazakh National University international scientific and practical conference
«Development of financial literacy and financial inclusion: practices, prospects, barriers»
dedicated to the 90th anniversary and the day of the National currency – Tenge**

Almaty, Kazakhstan, November 15, 2024

Алматы, 2024

партнерство между финансовыми учреждениями и академическим сектором для стимулирования инноваций и повышения качества анализа. Дополнительно, рекомендуется разработать регуляторные инициативы, направленные на увеличение прозрачности применения ИИ в финансовом секторе, что повысит доверие со стороны инвесторов и участников рынка.

Список использованных источников:

1. Агнон Х.О., Белоусов А.А. Прогнозирование цены акций с использованием машинного обучения / Х. Агнон // Международный научный журнал «Инновационная наука» – 2021. – № 6. – С. 21-27.
2. Алжеева А.В., Кочкаров Р.А. Сравнительный анализ прогнозных моделей ARIMA и LSTM на примере акций российских компаний. // Финансы: теория и практика/Finance: Theory and Practice. – 2020. № 24(1) – С. 14-23.
3. Гайомей Д., Зайцев А.А., Радионов Д.Г. Прогнозирование волатильности доходности финансовых активов с использованием высокочастотных данных и квантификаторов информационной среды. // Вестник Евразийской науки – 2022, № 2, Том 14, 33-40.
4. Виноградов Р.А. Искусственный интеллект в управлении рисками на финансовых рынках: тенденции и прогнозы на 2023-2024 год / Е. Капанова // Материалы II Международной научно-практической конференции «Преобразование современного мира: проблемы и возможности» – 2024. – № 2. – С. 114-117.
5. Доклад Национального банка Республики Казахстан. Искусственный интеллект на финансовом рынке Казахстана – 2024. <https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/16693>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАНК СЕКТОРЫНДАҒЫ ҚОЛМА ҚОЛСЫЗ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Жумадилова Толкын Бексултановна

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Қаржы» ББ-ның 3-курс докторанты
Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор **Досжан Райгүл Дүкенбайқызы**

Қазақстанның қаржы жүйесі соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Экономиканы цифрландыру аясында енгізілген жаңа технологиялар, мемлекет қолдауы және қаржы секторындағы реформалар елдегі банктік қызметтердің деңгейін арттырып, қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің қарқынды дамуына жағдай жасады. Бұрынғыдай қолма-қол ақшамен шектелмей, қазір азаматтар банк карталары, электрондық әмияндар, интернет-банкинг, QR-кодтар мен NFC технологиясы арқылы оңай төлем жасай алатын болды. Бүгінгі таңда қолма-қолсыз төлемдер Қазақстан тұрғындарының қаржылық қызметтерге деген көзқарасын, олардың күнделікті өмірін және бизнестің жұмыс істеу тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Қолма-қолсыз төлемдердің өсімі тек қана тұрғындардың тұрмыс деңгейін жақсартып қоймай, ел экономикасының дамуына елеулі ықпал етуде. Мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер артып, көлеңкелі экономиканың үлесі азаюда. Сонымен қатар, жаңа цифрлық төлем жүйелері мен мобильдік банкинг елдің қаржы институттарының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықаралық аренада Қазақстанды цифрлық экономика саласындағы үлгілі елдердің қатарына қосуға мүмкіндік береді. Осындай жағдайлар Қазақстандағы қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің артықшылықтарын айқындап, оның алдағы уақытта одан әрі қарқынды дамуына үлкен негіз болуда. Қазақстанда қолма-қолсыз төлемдердің кең таралуына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі – «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы. Бұл бағдарлама аясында сандық инфрақұрылымды жақсартуға, қаржы қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға және банктер арасындағы бәсекелестікті күшейтуге бағытталған шаралар қабылданды. Елде онлайн және мобильдік банкинг қызметтері енгізіліп, банк клиенттері үшін төлем жасаудың ыңғайлы және қолжетімді түрлері көбейді. Соның нәтижесінде, қолма-қолсыз төлемдер жүйесі қарапайым тұрғындар арасында ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері арасында да кеңінен таралды [1]. Бұл мақалада Қазақстандағы қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің қазіргі жағдайы, оның экономикалық тиімділігі мен қоғамға тигізетін әсері, сонымен қатар даму бағыттары жан-жақты қарастырылады. Қолма-қолсыз төлемдер тек күнделікті тұрмысты жеңілдетіп қана қоймай, тұтастай ел экономикасының ашықтығы мен тиімділігін

арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Банктердің рөлі және жаңа технологиялардың енгізілуінде Қазақстандағы коммерциялық банктер қолма-қолсыз төлемдер жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Әрбір ірі банк өз клиенттеріне қолайлы болу үшін түрлі цифрлық қызметтерді ұсынады. Мысалы, Kaspi.kz қосымшасы арқылы Қазақстанда төлемдердің 75%-ға жуығы жүзеге асырылуда. ForteBank және Halyk Bank өздерінің мобильдік банкинг қызметтерін дамыту арқылы төлем карталары мен онлайн шоттарды басқаруды жеңілдетіп, QR-кодтар арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді. Төлем жүйелеріне енгізілген жаңалықтардың бірі – NFC (жақын қашықтықтағы байланыс) технологиясы. Бұл технологияның көмегімен смартфон арқылы POS-терминалдарға жанастырып төлем жасау мүмкіндігі пайда болды, бұл банк картасын пайдалануды қажет етпейді. Сонымен қатар, банктер жылдам және қауіпсіз төлемдер үшін блокчейн технологияларын сынақтан өткізіп жатыр.

1-кестеде қолма-қолсыз төлемдердің жыл сайынғы өсу қарқыны, Kaspi.kz және NFC технологияларын қолдану арқылы төлемдердің артқаны көрсетілген. Электронды әмияндарды пайдалану деңгейі де өсуде, бұл цифрлық қызметтердің халық арасында сұранысқа ие екенін көрсетеді. Сонымен қатар, қолма-қолсыз төлемдердің дамуы салықтық түсімдерді арттырып, көлеңкелі экономиканың үлесін азайтқан. Қолма-қолсыз төлемдердің өсу динамикасына тоқталсақ, Қазақстанда соңғы онжылдықта қолма-қолсыз төлемдердің үлесі жыл сайын артып келеді. Қазақстан Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша, 2023 жылдың алғашқы жартысында электронды төлемдер саны 2022 жылмен салыстырғанда шамамен 40%-ға өскен. Бұл көрсеткіштің ұлғаюына бірнеше факторлар әсер етті, соның ішінде халықтың цифрлық қызметтерге деген сұранысының артуы, банктік инфрақұрылымның жақсаруы және мемлекеттік бағдарламалардың қолдауы бар.

Кесте 1 – Экономикадағы қолма-қолсыз төлем айналысының динамикасы

№	Көрсеткіштер	2022 жыл	2023 жыл	Өзгеріс, %
1.	Қолма-қолсыз төлемдер көлемі	19,2 трлн тг	31,8 трлн тг	+65%
2.	Kaspi.kz арқылы Qr төлемдер саны	35 млн транзакция	57,8 млн транзакция	+65%
3.	NFC технологиясын қолдану арқылы төлемдер	1,2 млн транзакция	1,8 млн транзакция	+50%
4.	Төлем карталарының жалпы саны	45 млн карта	50 млн карта	+11%
5.	Электронды әмияндарды қолданушылар саны	10 млн адам	12 млн адам	+20%
6.	Ауылдық аймақтарда интернетке қолжетімділік	57%	60%	+3%
7.	Салықтық түсімдер көлемі	3,5 трлн тг	3,92 трлн тг	+12%
8.	Көлеңкелі экономика үлесінің қысқаруы	10%	8%	-2%

Ескерту: ҚР Ұлттық банк мәліметтеріне сәйкес, автормен құрастырылған [2]

Ірі қалаларда, әсіресе Алматы, Астана және Шымкент қалаларында, сауда нүктелерінің көпшілігі қолма-қолсыз төлем қабылдауды қарастырған, бұл өз кезегінде тұрғындарды электрондық төлемдерге тартудың негізгі тетіктерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі деректеріне сәйкес, 2022 жылы жалпы қолма-қолсыз төлемдер көлемі 19,2 трлн теңгені құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 31,8 трлн теңгеге жеткен [2].

Kaspi Bank мәліметтері бойынша, елдегі төлемдердің шамамен 75%-ы осы банктің Kaspi.kz қосымшасы арқылы жүзеге асырылған [3]. Қолма-қолсыз төлемдердегі инновациялық технологиялар статистикасына тоқталсақ, Kaspi.kz қосымшасы арқылы жасалған QR-код төлемдерінің саны 2023 жылы 65%-ға өскен. Halyk Bank мәліметтері бойынша, 2023 жылы NFC технологиясын қолдану арқылы жасалған төлемдер көлемі 2022 жылға қарағанда 48%-ға артқан [4].

Қазақстанда төлем карталарының кең таралуы қолма-қолсыз төлемдердің негізгі себептерінің бірі. 2023 жылдың соңында елдегі карталардың саны 50 млнға жуықтап, орташа есеппен әр тұрғынға 2-3 картадан келетін болды. Көптеген азаматтар дебеттік карталарды күнделікті төлемдер үшін қолданса, несиелік карталар да кең таралған. Дебеттік және несиелік карталардың кеңінен пайдаланылуы халықтың қаржылық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, қолма-қолсыз

ақшамен есеп айырысуды ынталандырады.

Төлем карталары бойынша статистика:

- 2023 жылы шығарылған төлем карталарының жалпы саны 50 млнға жуық.
- Қазақстанда қолма-қолсыз төлемдердің 80%-ы төлем карталары арқылы жүзеге асырылады, ал дебеттік карталар үлесі шамамен 60%-ды құраған.

Қазақстанда электрондық әмияндар, соның ішінде Kcell Wallet, My Activ, Woopray, Kaspi.kz және Qiwi Wallet кең таралған. Бұл әмияндар арқылы интернет-дүкендерден, коммуналдық қызметтер үшін төлем жасау, сондай-ақ басқа да қызметтерді төлеу мүмкіндігі бар. Электрондық әмияндардың артықшылығы – олардың қол жетімділігі, пайдалану қарапайымдылығы және транзакциялардың жылдамдығы. Соңғы жылдары электронды әмияндарды қолдану көрсеткіші 60%-дан асты, бұл халықтың қаржылық сауаттылығы мен цифрлық қызметтерге деген сенімінің артқанын көрсетеді.

Электрондық әмияндар статистикасы:

- 2023 жылы электронды әмияндарды қолданушылар саны 20%-ға артқан.
- электрондық әмияндар арқылы төлемдердің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 27%-ға өскен [5].

Қолма-қолсыз төлемдердің кең таралуы Қазақстан экономикасына оң әсерін тигізуде. Біріншіден, бұл төлем жүйелері көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартуға ықпал етіп, мемлекетке салықтық түсімдерді арттырады. Қолма-қолсыз төлемдер тіркелген және бақыланатын болғандықтан, әрбір транзакция салықтық есепке алынып, мемлекет қазынасына салық түрінде пайда түседі. Екіншіден, қолма-қолсыз төлемдер қаржы айналымының тиімділігін арттырып, коммерциялық ұйымдардың шығындарын азайтады. Бұл әсіресе бөлшек сауда, қызмет көрсету және қоғамдық көлік салаларында маңызды [6].

Экономикалық тиімділік статистикасы:

- 2023 жылы салықтық түсімдер көлемі 12%-ға артқан, бұл қолма-қолсыз төлемдердің кеңеюімен байланысты.
- қолма-қолсыз төлемдердің арқасында көлеңкелі экономика көлемі шамамен 8%-ға қысқарған.

Қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің дамуы барысында бірқатар кедергілер де кездеседі. Мысалы, ауылдық және шалғай аудандарда интернет пен байланыс сапасының нашарлығы, цифрлық қызметтерге қол жеткізудегі шектеулер тұрғындардың электрондық төлемдерді қолдану мүмкіндігін төмендетеді. Бұған қоса, кейбір егде жастағы азаматтар цифрлық сауаттылығының төмендігіне байланысты дәстүрлі қолма-қол төлемдерді пайдаланады. Қазақстанда интернеттің қолжетімділігі жақсарғанымен, көптеген ауылдық аймақтарда жылдам интернеттің жетіспеушілігі әлі де өзекті. Киберқауіпсіздік мәселесі де маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары киберқылмыстар саны көбейгендіктен, банктер мен қаржы ұйымдары төлем жүйелерінің қауіпсіздігін күшейтуді қолға алды. Қазіргі уақытта Қазақстандағы банктер кибершабуылдардың алдын алу үшін арнайы қауіпсіздік жүйелерін жетілдіріп, клиенттердің деректерін қорғау шараларын қолдануда [7].

Интернет қолжетімділігі және қиындықтар бойынша статистика:

- ауылдық аймақтарда интернетке қолжетімділік деңгейі 60%-ды құраған.
- Қазақстанда цифрлық сауаттылықты арттыруға арналған мемлекеттік бағдарламалар аясында 2023 жылы 50 мыңнан астам адам арнайы оқытудан өткен.

Мемлекеттік қолдау және заңнамалық өзгерістер

Қолма-қолсыз төлемдердің дамуын қолдау мақсатында Қазақстан үкіметі бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылдады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында төлем жүйелерін дамытуға арналған бірнеше реформа жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қолма-қолсыз төлемдерді ынталандыруды мақсат етіп отыр. Жаңа заңдар мен ережелер бойынша, барлық сауда орындары мен қызмет көрсету мекемелерінде қолма-қолсыз төлемдерді қабылдау міндеттелді. Бұл шаралар көлеңкелі экономиканың көлемін азайтуға, салық түсімдерін арттыруға және жалпы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған [8].

Халықаралық тәжірибе және Қазақстан үшін болашақ даму жолдары

Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртсек, қолма-қолсыз төлемдер үлесі жоғары елдерде экономикалық тиімділік артып, төлем операцияларының жылдамдығы мен қауіпсіздігі де жоғары деңгейге

көтерілген. Мысалы, Швеция мен Оңтүстік Корея сияқты елдерде қолма-қол төлемдердің үлесі азайып, цифрлық төлемдердің қолданысы толыққанды дамып отыр. Қазақстан да болашақта осы елдердің тәжірибесін енгізе отырып, цифрлық қаржы жүйесін жетілдіруді көздеуде. Бұл бағытта банктер мен қаржы технологияларымен айналысатын компаниялар арасында ынтымақтастық орнату маңызды рөл атқарады [9].

Қазақстандағы қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің дамуы бүгінгі күннің басты экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі ретінде танылып отыр. Қолма-қолсыз төлемдердің кеңеюі елдегі қаржылық қызметтерді цифрландыру деңгейінің жоғарылауының белгісі ғана емес, сонымен қатар экономиканың ашықтығын, тиімділігін және салықтық түсімдердің өсуін қамтамасыз ететін маңызды құралға айналды. Қолма-қолсыз төлемдер көлеңкелі экономиканың көлемін азайтып, мемлекеттің салықтық базасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе бөлшек сауда, қызмет көрсету және қоғамдық көлік салаларында айқын байқалады. Қазақстанда қолма-қолсыз төлемдерді дамытудағы жетістіктер елдің халықаралық деңгейде де бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оны цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдер енгізуде жетекші елдер қатарына қосуға ықпал етеді. Жаңашыл төлем технологиялары, соның ішінде NFC, QR-кодтар арқылы төлемдер, электронды әмияндар және блокчейн секілді инновациялар банк қызметтерін тиімдірек, ыңғайлырақ және қауіпсіз етуге көмектеседі. Бұл тенденциялар Қазақстан экономикасына оң әсерін тигізіп, елдің цифрлық қоғамға айналуына жол ашып отыр. Сонымен бірге, қолма-қолсыз төлемдер жүйесін дамыту барысында кездесетін кедергілерді де ескеру қажет. Ауылдық жерлерде байланыс инфрақұрылымының толық жетілмеуі, кейбір аймақтардағы интернеттің қолжетімділігінің төмендігі және азаматтардың цифрлық сауаттылығының әрқелкі деңгейде болуы осы салада атқарылуы тиіс маңызды міндеттер ретінде тұр [10].

Сонымен қатар, қолма-қолсыз төлемдер жүйесінде киберқауіпсіздікке ерекше көңіл бөлініп, халықтың қаржылық деректерін қорғау үшін банктердің жауапкершілігін арттыру қажет. Алдағы уақытта Қазақстанда қолма-қолсыз төлемдерді дамыту үшін мемлекет, банктер және технологиялық компаниялар арасында бірлескен жұмыс маңызды болмақ. Қаржылық сауаттылықты арттыру, ауылдық жерлердегі интернет инфрақұрылымын жақсарту және төлем жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы Қазақстан цифрлық экономиканы одан әрі дамытып, өз тұрғындарының өмір сапасын жақсартып алады. Қорытындылай келе, қолма-қолсыз төлемдер жүйесінің дамуы Қазақстанның болашақтағы экономикалық жетістіктерінің іргетасы болмақ. Цифрлық төлемдер мен банктік қызметтердің қолжетімділігі еліміздегі қаржы жүйесінің ашықтығы мен тұрақтылығын арттырып, Қазақстан экономикасын жаңа деңгейге көтереді деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, 2018. <https://digital.gov.kz>
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. «Қазақстандағы төлем жүйелерінің дамуы туралы есеп». Ұлттық Банктің ресми сайты, 2023. <https://nationalbank.kz>
3. Kaspi. kz. «Kaspi.kz платформасындағы қолма-қолсыз төлемдер статистикасы». Kaspi Bank, 2023. <https://kaspi.kz>
4. Halyk Bank». Қолма-қолсыз төлемдерді дамыту бойынша жаңа технологиялар». Halyk Bank ресми сайты, 2023. <https://halykbank.kz>
5. Қазақстан Республикасы Статистика комитеті. «Қазақстандағы экономикалық көрсеткіштер». 2023 жылғы статистикалық деректер <https://stat.gov.kz>
6. Сағындықов Е. «Қолма-қолсыз төлемдердің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі». Қаржы және экономика журналы, № 2, 2022.
7. Қазақстан қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. «Қазақстандағы қолма-қолсыз төлемдерді дамыту стратегиясы», 2022. <https://finreg.kz>
8. Елубаев Т. «Қазақстандағы цифрлық банкінгтің даму бағыттары». Экономика және қоғам, № 4, 2021.
9. Шетелдік тәжірибе. «Швеция және Оңтүстік Кореяның қолма-қолсыз төлемдер жүйесі». Халықаралық банк ісі журналы, № 3, 2020.
10. Есенгельдиева А. «Қазақстандағы қолма-қолсыз төлемдер: тенденциялар мен кедергілер». Қазіргі экономика мәселелері журналы, № 5, 2022.

МАЗМҰНЫ

Айтжанова Ж.Н. Құттықтау сөз	3
Миятов Қ.И. Национальный фонд как фактор стабильности системы управления экономикой РК	5
Омаров А.С. Органы государственных доходов: современное состояние и перспективы развития	7
Байғазиев Н.Д. Роль государства в оздоровлении финансовой системы РК	9
Ундыбаев Е.С. Современный страховой сектор Казахстана	11
Керімбек Ғ.Е. Қаржылық сауаттылықты арттырудың мүмкіндіктері және атқарылған іс-шаралар	13
Қыздарбекова А.С., Нурмагамбетова А.З. Табиғатты пайдалану мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экологиялық сақтандырудың рөлі	15
Аманкелді А.Ә., Оралбаева Ж.З. Влияние цифровизации на учетно-контрольный инструментарий в рамках информационной прозрачности экономических субъектов	17
Ding Lei, Doszhan Raygul Studying the experience of adapting business management models in foreign countries and in the Republic of Kazakhstan	19
Усипбеков А.А. Использование методов искусственного интеллекта для прогнозирования волатильности и рисков на финансовом рынке Казахстана	27
Жумадилова Т.Б., Досжан Р.Д. Қазақстан Республикасы банк секторындағы қолма қолсыз төлем жүйесінің экономикаға әсері	29
Турмаханбетова А.А., Касенова Г.Е. Қазақстанда цифрлық валютаны енгізу себептері, қағидаттары мен тәсілдері	33
Каримова Б.Ф., Касенова Г.Е. Факторы влияющие на волатильность финансовых инструментов на фондовых рынках Республики Казахстан	36
Мухаметжанова Ж.С., Досжан Р.Д. Қазақстандағы цифрландыру жағдайындағы қаржылық сауаттылық және инклюзия	38
Өтеген А.Н., Куанова Л.А. Цифрлық экономика негізінде қаржылық институттар қызметін трансформациялау	40
Амалят Б., Асилова А.С. Қазақстандағы цифрлық төлем жүйелерінің эволюциясы мен болашағы	44
Кусаинова А., Асилова А.А. Цифрлық трансформацияның қаржы индустриясына әсері: Қазақстан мен шет елдердің салыстырмалы талдауы	47
Балдан Б., Байдаулетов М. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын арттыру тетігін қалыптастыру	50
Нурпеисова М.Д., Гумар Н.А. Банк қызметі арқылы тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мүмкіндіктері	52
Ван Ясю, Жадигерова О.Ж. Исследование путей повышения налогового управления с помощью блокчейн-технологий в эпоху цифровой экономики	55
Даражатова А., Джакишева У.К. Қаржылық тұрақтылықты талдау әдістемесін жетілдіру	57
Бекболатұлы М., Байдаулетов М.Б. Кәсіпорынның банкроттық тәуекелінің есебін, аудитін ұйымдастыру және дағдарыстық жағдайдан шығу жолдары	59
Молдабеков М.О., Оралбаева Ж.З. Компаниялардың құнын бағалауды есептік-талдамалық қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілікті талдау	63
Қабденбек А., Байдаулетов М. Басқару есебі жүйесінің теориясы, әдіснамасы және ұйымдастырылуы	66
Абдуллаева М.А., Сабенова Б.Н. Кәсіпорында есеп саясатын жүргізудің ұйымдық және техникалық аспектілері	68
Маршалқызы Ә., Нургалиева Г.К. Кәсіпорынның қаржылық есептілігіндегі негізгі көрсеткіштерді талдау әдістері мен тиімділігі	70
Мұрал Ш., Байдаулетов М. Стратегиялық есеп және кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту	72
Әбжапар Д.Ж., Байдаулетов Б.М. Мемлекеттік секторда қаржылық сауаттылықты арттыру және оның қаржылық есептілікке ықпалы	74
Жалатбек Н.С., Искаков Б.М. Развитие финансовой грамотности и инклюзии: проблемы кадрового обеспечения и пути решения для эффективной реализации практик и перспектив	77
Юферова А.А., Низамдинова А.К. Развитие финансовой экосистемы Казахстана	79